

Қызылорда қаласының кейбір құрамдас бөліктеріне атау беру және қайта атау туралы

Қызылорда облысы әкімдігінің 2025 жылғы 20 мамырдағы № 102 бірлескен қаулысы және Қызылорда облыстық мәслихатының 2025 жылғы 20 мамырдағы № 165 шешімі

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 4-1) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Республикалық ономастика комиссиясының 2025 жылғы 16 сәуірдегі қорытындысына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қызылорда облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ**:

1. Қызылорда қаласының келесі құрамдас бөліктері:

1) Сайыпназар ахун тұйық көшесі "Қалмағанбет Оспанов" есімімен қайта аталсын;

2) Яссауи-6 тұйық көшесі "Мәди Кереев" есімімен қайта аталсын;

3) "Бәйтерек" шағын ауданындағы атауы жоқ көшеге "Дүкенбай Досжан" есімі берілсін.

2. Осы бірлескен қаулы және шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі
Қызылорда облыстық
мәслихатының төрағасы

_____ Н. Нәлібаев

_____ М. Тлеумбетов